

Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша қорытынды есеп

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Жалын PRO» қоғамдық бірлестігі
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): Карабалаева Айдана Сарыкбайқызы
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 34 шағын аудан, 8 үй, 17 пәтер.
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): **«QOLDAU» фронт кеңсе жобасы**
(Маңғыстау облысының волонтерлік Фронт-офисінің жұмысын ұйымдастыру)
 1. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 01.05-30.11.2024
 2. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 10 060 000 теңге

1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз.

1-міндет. Аймақтағы волонтерлік топтар мен бастамашыл топтарға кемінде 100 ақпараттық, консультативтік және әкімшілік қолдау көрсету

1-іс-шара. Аймақтағы волонтерлік топтар мен бастамашыл топтарға кемінде 100 ақпараттық, консультативтік және әкімшілік қолдау көрсетілді. Жергілікті атқарушы орган арқылы аймақтағы волонтерлік топтар мен ұйымдар тізімі жасақталып, арнайы жұмыс жоспары бекітілді. Аталған қызметті көрсету бойынша әлеуметтік желілерде, аймақтағы орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында кеңінен насихатталды. Аймақтағы волонтерлік топтар мен бастамашыл топтарға ақпараттық, консультативтік және әкімшілік қолдау көрсету мақсатында кеңесші мамандардың жұмысы ұйымдастырылып, арнайы Call center іске қосылды.

2-міндет. Аймақтағы волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтарға арналған кемінде 1 спорттық, 2 қоғамдық-мәдени іс-шара ұйымдастыру

1-іс-шара. Аймақтағы волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтарға арналған кемінде 1 спорттық және 2 қоғамдық-мәдени іс-шара ұйымдастырылды. Шаралардың жоспары мен бағдарламасы жасақталып, бекітілді. Бағдарламаға сәйкес спорттық және қоғамдық-мәдени іс-шаралардың күні белгіленіп, ережелері жасақталды. Бекітілген ереже мен арнайы хабарламалар жан-жақты таратылып, хабарланды. Қатысуға келіп түскен өтініштер негізінде іс-шаралар өткізілді.

3-міндет. Аймақтағы орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында кемінде 3000 оқушыға (студентке) арналған үгіт-насихат жұмысын ұйымдастыру

1-іс-шара. Аймақтағы орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында кемінде 3000 оқушыға (студентке) арналған үгіт-насихат жұмысы ұйымдастырылды. Үгіт-насихат жұмысын ұйымдастыру бойынша жұмыс жоспары жасақталып, бекітілді. Бекітілген жұмыс

жоспарына сәйкес арнайы кесте барлық орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарына жолданып, хабарланды. Арнайы кестеге сәйкес үгіт-насихат жұмыстары өткізілді.

4-міндет. Аймақтағы жасөспірімдер мен жастарға арналған волонтерлік оқыту бағдарламасы әзірленіп, бағдарлама аясында кемінде 150 волонтерді арнайы оқытудан өткізу

1-іс-шара. 27-қарашада Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен «Жалын PRO» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «QOLDAU» фронт кеңсе жобасы аясында аймақтағы жасөспірімдер мен жастарға арналған волонтерлік оқыту өтті. Шараның мақсаты – Аймақтағы жасөспірімдер мен жастарға волонтерлік қызмет туралы толық түсінік беру, жаңа дағдыларды меңгеруге қолдау көрсету және әлеуметтік жобаларда белсенді болу жолдарын үйрету. Бәсекеге қабілетті волонтер жастардың санын арттыру, олардың бойындағы жан-жақты қабілеттерді ояту. Оқытуға колледж студенттері, мектеп оқушылары мен жетекшілері және волонтер болуға ниетті өңір жастары қатысты. Оқытуды Маңғыстау облысының волонтерлар қозғалысының амбассадоры, волонтерлік бойынша тренерлерге арналған «Базалық оқыту курсы» бағдарламасының қатысушысы, «Рухтан» қоғамдық қорының директоры Кушанова Гулнур Джексембаевна мен «BY QAZAQ» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, «DEMEU» жобасы аясында ұйымдастырылған шағын гранттар конкурсының жеңімпазы, белсенді волонтер Қазақ Хасан Сардарұлы жүргізді. Оқытуды өткізу барысында білім алушылар волонтерлік қызметпен, құқықтары мен міндеттерімен, волонтерлік қызметтің түрлері мен бағыттары және де еріктілердің мүмкіндіктерімен танысты. Сондай-ақ, қатысушылар волонтерлік қызметтің адам тұлғасының қалыптасуына қалай әсер ететіндігі туралы пікірлерімен бөлісті. Сонымен қатар, қатысушылар бірнеше топқа бөлініп әлеуметтік жобаны жазу және оны жүзеге асыру жолдарын үлгілеу алгоритмін үйренді және де әр топ өз жобаларын қорғады. Шараға Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мұқаш Оралбай қатысып, жастарға сәттілік тілеп, арнайы сертификаттарды табыстады.

5-міндет. Маңғыстау облысы волонтерлерінің Фронт-офисінің тұрақты координаторын жасақтау және волонтерлерге арналған жұмыс орнын ұсыну

1-іс-шара. Маңғыстау облысы волонтерлерінің Фронт-офисінің тұрақты координаторын жасақталды. Бұл үшін қажетті материалдар мен техникалар сатып алынды. Фронт-офисінің тұрақты координаторы толық дайындалып, волонтерлерге арналған жұмыс орны ұсынылды. Жұмыс орны волонтерлердің тиімді әрі жайлы жұмыс істеуі үшін барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілді. Осы жаңа жұмыс орнында волонтерлер мен бастамашыл топтар үшін түрлі шаралар ұйымдастырылып, жақсы нәтижелерге қол жеткізілді. Координатор кеңістігінде өткізілген іс-шаралар мен кездесулер волонтерлердің белсенділігін арттырды, жастардың бірлескен жобаларға қатысуы көбейді. Бұл кеңістік бастамашыл топтарға шығармашылық пен ынтымақтастық үшін қолайлы орта ұсынды, әрі олардың ұйымдастыру қабілеттері мен жобаларын жүзеге асыруына үлкен көмек болды.

6 міндет. Аймақтағы волонтерлер Фронт-офисінің, волонтерлік топтар мен ұйымдардың, қызметі, волонтерлер туралы әлеуметтік желілерде парақшасын ашып, тұрақты жүргізу

1-іс-шара. Аймақтағы волонтерлер Фронт-офисінің, волонтерлік топтар мен ұйымдардың қызметі, сондай-ақ волонтерлер туралы әлеуметтік желілерде парақша ашылып, тұрақты түрде жүргізіле бастады. Фронт-офисінің күнделікті жұмысы мен атқарылған іс-шаралар әлеуметтік желілерде үнемі жарияланып отырды. Бұл шаралар волонтерлік қызмет туралы ақпаратты кеңінен таратып, аймақтағы

жастардың белсенділігін арттыруға септігін тигізді. Әлеуметтік желілер арқылы өткізілген іс-шаралар мен жобалар туралы мәліметтермен бөлісу, волонтерлердің жетістіктерін көрсету және жаңа бастамалар туралы хабардар ету жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Осылайша, волонтерлік топтардың жұмысы аймақтық деңгейде кеңінен таныстырылып, жастарды еріктілікке ынталандыру мақсатында маңызды ақпараттар мен ұсыныстар таратылды.

7 міндет. Маңғыстау облысындағы волонтерлерге арналған волонтерлер сыйлығын тағайындау және табыстау

1-іс-шара. «Жалын PRO» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «QOLDAU» фронт-кеңсе жобасы аясында Маңғыстау облысындағы волонтерлерге арналған «Жыл волонтері – 2024» волонтерлер сыйлығын табыстау рәсімі өтті. Сыйлық «Біргеміз: Маңғыстау» облыстық волонтерлер форумында берілді. Бұл марапат қоғамның игілігі үшін еңбектенген еріктілерді құрметтеу мен олардың жетістіктерін атап өту мақсатында ұйымдастырылды. Сыйлық 7 аталым бойынша тағайындалып, әр аталым бойынша ең белсенді және үздік еріктілер марапатталды. Бұл шара волонтерлік қызметтің маңыздылығын және қоғамдағы үлесін арттыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Волонтер болу – қоғамды жақсартуға өз үлесінді қосу және жақсылық жасау! «QOLDAU» фронт-кеңсе жобасы аясында ұйымдастырылған Маңғыстау облысындағы волонтерлерге арналған волонтерлер сыйлығының жеңімпаздары:

1. «Үздік волонтерлік ұйым» — «Атадан мирас» қоғамдық қоры, Мұхамбет Нұрымжан Мақсатұлы
2. «Хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздеуге белсенді қатысқаны үшін» — «Общественный фонд «ФОНД СОЦИАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ «ОТКРОЙ СВОЁ СЕРДЦЕ», Усманова Шафия Фаридовна
3. «Үздік бастамашыл топ» — Индийское этнокультурное общественное объединение «Сәлем-Намасте» при Ассамблее Народа Казахстана, Вадодария Надежда Сергеевна
4. «Білім беру саласындағы волонтерлік қызметі үшін» — Қазақ Хасан Сардарұлы
5. «Қоршаған ортаны сақтау және қорғау үшін қосқан үлесі үшін» — Жаксылыкова Бахытгуль Омирхановна
6. «Жануарларды қорғау мәселелерін шешуге қосқан үлесі үшін» — Общественный фонд «UMIT MANGISTAU»
7. «Үздік волонтерлік бастама» — «JANA_LEP» ерікті бастамашыл тобы, Оразмағанбетова Асыл Жаңабайқызы

Бұл марапаттар волонтерлердің қоғамдастық үшін қосқан үлесін мойындап, олардың әрі қарайғы жетістіктеріне шабыт беруге бағытталған.

Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:

Жобаның мақсаты:	• Волонтерлік бастамаларды дамыту және қолдау • Маңғыстау облысының волонтерлік Фронт-офисінің жұмысын ұйымдастыру • Маңғыстау облысындағы волонтерлік қозғалысты жандандыру арқылы волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтар санын кемінде 50-ге жеткізу
Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:	1. Аймақтағы волонтерлік топтар мен бастамашыл топтарға кемінде 100 ақпараттық, консультативтік және әкімшілік қолдау көрсету 2. Аймақтағы волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтарға арналған кемінде 1 спорттық, 2 қоғамдық-мәдени іс-шара ұйымдастыру 3. Аймақтағы орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында кемінде 3000 оқушыға (студентке) арналған үгіт-насихат жұмысын ұйымдастыру 4. Аймақтағы жасөспірімдер мен жастарға арналған волонтерлік оқыту бағдарламасы әзірленіп, бағдарлама аясында кемінде 150 волонтерді арнайы оқытудан өткізу

		5. Маңғыстау облысы волонтерлерінің Фронт-офисінің тұрақты коуоркингін жасақтау және волонтерлерге арналған жұмыс орнын ұсыну 6. Аймақтағы волонтерлер Фронт-офисінің, волонтерлік топтар мен ұйымдардың, қызметі, волонтерлер туралы әлеуметтік желілерде парақшасын ашып, тұрақты жүргізу 7. Маңғыстау облысындағы волонтерлерге арналған кемінде 7 аталым бойынша волонтерлер сыйлығын тағайындау және табыстау							
Міндет	Міндет шеңберіндегі іс-шаралар	Өткізілу күні	Өткізілу орны	Қатысушылардың саны	(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер	Сандық және сапалық көрсеткіштер	Индикаторлар		Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)
							жоспар	факт	
1 міндет. Аймақтағы волонтерлік топтар мен бастамашыл топтарға кемінде 100 ақпараттық, консультативтік және әкімшілік қолдау көрсету	Аймақтағы волонтерлік топтар мен бастамашыл топтарға ақпараттық, консультативтік және әкімшілік қолдау көрсету.	Маусым-қараша 2024 жыл	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы	100	Аймақтағы волонтерлік топтар мен бастамашыл топтарға 100-ден астам ақпараттық, консультативтік және әкімшілік қолдау көрсетілді. Жергілікті атқарушы орган арқылы волонтерлік топтар мен ұйымдар тізімі жасақталып, жұмыс жоспары бекітілді. Әлеуметтік желілерде кеңінен насихатталды, ал арнайы Call center іске қосылды, бұл волонтерлердің сұраныстарына жедел жауап беру мүмкіндігін арттырды.	Аймақтағы волонтерлік топтар мен ұйымдар тізімін жасақтау	1	1	Волонтерлік топтар мен ұйымдардың қызметі тұрақты түрде қолдауға ие болады, бұл олардың тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Аймақтағы волонтерлік қызметтің деңгейі артып, жаңа бастамалар мен жобалардың жүзеге асуы үшін қажетті ресурстар мен ақпараттар үнемі қолжетімді болады.
	Жұмыс жоспарын бекіту (Жергілікті атқарушы органымен келісілген)					1	1		
	Әлеуметтік желілерде, аймақтағы орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында насихаттау					2 пост, 7 хат	2 пост, 7 хат		
	Аймақтағы волонтерлік топтар мен бастамашыл топтарға ақпараттық, консультативтік және әкімшілік қолдау көрсету мақсатында кеңесші мамандар жұмысын ұйымдастыру					2	2		
	Аймақтағы волонтерлік топтар мен бастамашыл топтарға ақпараттық, консультативтік және					Қолдау саны	100 (ақпараттық, консуль	100 (ақпараттық, консул	

	әкімшілік қолдау көрсету мақсатында кеңесші мамандар жұмысы ұйымдастырылып, арнайы Call center жұмысы іске қосылады.					Арнайы Call center жұмысын іске қосу Консультация журналы Әлеуметтік желіге хабарландыру (Facebook, Instagram) Ақпараттық посттар Көрсеткен қолдау бойынша есеп	тативтік және әкімшілік) 1 1 кемінде 2 кемінде 2 1	ьтативтік және әкімшілік) 1 1 кемінде 2 кемінде 2 1	
2-міндет. Аймақтағы волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтарға арналған 1 кемінде спорттық, 2 қоғамдық-мәдени іс-шара ұйымдастыру	Аймақтағы волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтарға арналған спорттық, қоғамдық-мәдени іс-шара ұйымдастыру Аймақтағы волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтарға арналған шаралардың жоспары мен бағдарламасы жасақталып, бекітіледі. Бағдарламаға сәйкес спорттық және қоғамдық-мәдени іс шаралардың күні	Маусым-қараша 2024 жыл	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы	100	Аймақтағы волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтарға арналған 1 спорттық және 2 қоғамдық-мәдени іс-шара ұйымдастырылды. Шаралардың жоспары мен бағдарламасы жасақталып, белсенді түрде атқарылды. Қатысушылар үшін ережелер мен хабарламалар кеңінен таратып, іс-шараларға үлкен қызығушылық байқалды.	Өткізілетін шаралардың жоспары мен бағдарламасы (<i>Жергілікті атқарушы органымен келісілген</i>) Шара ережесі Жолданатын хат Әлеуметтік желіге хабарландыру (Facebook, Instagram) Өтініштер тізімі Қатысушылар тізімі Әлеуметтік желіге хабарландыру (Facebook, Instagram)	1 (3 шара) Кем дегенде 3 3 Кем дегенде 3 1 1 әр шарадан Кем дегенде 3	1 (3 шара) Кем дегенде 3 3 Кем дегенде 3 1 1 әр шарадан Кем дегенде 2	Бұл іс-шаралар аймақтағы волонтерлік ұйымдардың бір-бірімен байланыс орнатуына, ынтымақтастығын арттыруға ықпал етеді. Әлеуметтік және мәдени деңгейде жастардың қатысуы ұлғайып, волонтерлердің қоғамдық өмірде белсенділіктері артады.

	белгіленіп, ережелері жасақталады. Бекітілген ереже мен арнайы хабарламалар жан жақты таратылып, хабарланады. Қатысуға келіп түскен өтініштер негізінде 1 спорттық, 2 қоғамдық-мәдени іс-шара ұйымдастырылады.					Шаралар саны Ақпараттық посттар Әрбір іс-шарадан фото Әрбір іс-шарадан видео	(1 спорттық, 2 қоғамдық-мәдени іс-шара) Кем дегенде 3 Кем дегенде 5 Кем дегенде 1	3 (1 спорттық, 2 қоғамдық-мәдени іс-шара) Кем дегенде 3 Кем дегенде 5 Кем дегенде 1	
3-міндет. Аймақтағы орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында кемінде 3000 оқушыға (студентке) арналған үгіт-насихат жұмысын ұйымдастыру (студентке) арналған үгіт-насихат жұмысын ұйымдастыру	Аймақтағы орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында оқушыға (студентке) арналған үгіт-насихат жұмысын ұйымдастыру <i>Аймақтағы орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында үгіт-насихат жұмысын ұйымдастыру бойынша жұмыс жоспары жасақталып, бекітіледі.</i>	Маусым-қараша 2024 жыл	Маңғыстау облысы	3000	Үгіт-насихат жұмыстары аймақтағы орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында сәтті ұйымдастырылып, 3000-нан астам оқушыға волонтерлік қызмет туралы ақпарат берілді. Жұмыс жоспары сәйкес жұмыстар жүргізілді.	Үгіт-насихат жұмысының жоспары Жолданатын хат (орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарына) Қатысушылар саны Қатысушылар тізімі Ақпараттық посттар Әрбір іс-шарадан фото Әрбір іс-шарадан видео Материал	1 1 3000 1 әр шара бойынша 1 әр шарадан Кем дегенде 5 Кем дегенде 1	1 1 3000 1 әр шара бойынша 1 әр шарадан Кем дегенде 5 Кем дегенде 5	Бұл үгіт-насихат жұмыстары болашақта жастар арасында волонтерлік қызметтің кеңінен танылуына және қатысушылардың санын арттыруға ықпал етеді. Волонтерлік қызметке деген қызығушылық көбейіп, жастардың белсенділігі жоғарылайды.

	<i>Бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес арнайы кесте барлық орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарына жолданып, хабарланады.</i> <i>Арнайы кестеге сәйкес аймақтағы орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында кемінде 3000 оқушыға (студентке) арналған үгіт-насихат жұмыстары ұйымдастырылады.</i>						1	Кем дегенде 1	
4-міндет. Аймақтағы жасөспірімдер мен жастарға арналған волонтерлік оқыту бағдарламасы әзірленіп, бағдарлама аясында кемінде 150 волонтерді арнайы оқытудан өткізу	Аймақтағы жасөспірімдер мен жастарға арналған волонтерлік оқыту бағдарламасы әзірленіп, бағдарлама аясында волонтерді арнайы оқытудан өткізу <i>Аймақтағы жасөспірімдер мен жастарға арналған волонтерлік оқыту бағдарламасы әзірленіп, бекітіледі.</i> <i>Оқыту шарасына қатысатын волонтерлар тізімі жасасақталады.</i>	27-қараша 2024 жыл	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы	150	Аймақтағы жасөспірімдер мен жастарға арналған волонтерлік оқыту бағдарламасы сәтті өткізілді, оған 150-ден астам жас волонтерлер қатысты. Оқыту барысында жастар волонтерлік қызметтің маңыздылығы мен мүмкіндіктері туралы толық ақпарат алды.	Оқыту бағдарламасын жасақтау <i>(Жергілікті атқарушы органымен келісілген)</i> Жолданатын хат Қатысушылар саны Қатысушылар тізімі Әлеуметтік желіге хабарландыру (Facebook, Instagram) Ақпараттық посттар Типографиялық өнімдер <i>(Блокнот, қалам, сертификат)</i> Сауалнама	1 1 150 1 әр шарадан 2 2 150 1	1 1 150 1 әр шарадан 2 2 150 1	Оқытылған жастар болашақта волонтерлік қызметте белсенді рөл атқарып, өздерінің әлеуметтік жобалары мен бастамаларын жүзеге асыруда маңызды қадамдар жасайды. Бұл волонтерлік қызметтің аймақта тұрақты дамуына әсер етеді.

	<i>Оқыту бағдарламасына сәйкес 150 волонтер арнайы оқытудан өткізіледі.</i>					Қанағаттану деңгейі 5*3 Баннер фотосы Әрбір іс-шарадан фото Әрбір іс-шарадан видео Оқу материалы	80 %-дан кем емес 1 Кем дегенде 5 Кем дегенде 1 1	80 %-дан кем емес 1 Кем дегенде 5 Кем дегенде 1 1	
5-міндет. Маңғыстау облысы волонтерлерінің ің Фронт-офисінің тұрақты коуоркингін жасақтау және волонтерлерге арналған жұмыс орнын ұсыну.	Маңғыстау облысы волонтерлерінің Фронт-офисінің тұрақты коуоркингін жасақтау және волонтерлерге арналған жұмыс орнын ұсыну <i>Маңғыстау облысы волонтерлерінің Фронт-офисінің тұрақты коуоркингін жасақтау үшін қажетті материалдар мен техникалары сатып алынады.</i> <i>Фронт-офисінің тұрақты коуоркингін жасақталып, волонтерлерге арналған жұмыс орны ұсынылады.</i>	Маусым-қараша 2024 жыл	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы	1000	Маңғыстау облысы волонтерлерінің Фронт-офисінің тұрақты коуоркингін сәтті жасақталып, қажетті материалдар мен техникалар сатып алынды. Волонтерлер үшін жұмыс орны толық дайындалып, шаралар мен кездесулер өткізілді. Бұл кеңістік жастар мен бастамашыл топтарға шығармашылық жұмыспен айналысуға мүмкіндік берді.	Жасақталған тұрақты коуоркинг Қажетті материалдар мен техникалары сатып алу Жұмыс орнын жасақтау жоспары Әлеуметтік желіге хабарландыру (Facebook, Instagram) Ақпараттық посттар	1 1 тізім 1 2 2	1 1 тізім 1 2 2	Коуоркинг кеңістігі волонтерлік ұйымдардың әрі қарай дамуына және олардың жобаларын жүзеге асыруға қолайлы ортаны қамтамасыз етеді. Бұл болашақта жастардың өздерінің идеяларын жүзеге асырып, жаңа әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

6 міндет.	Аймақтағы волонтерлер Фронт-офисінің, волонтерлік топтар мен ұйымдардың, қызметі, волонтерлер туралы әлеуметтік желілерде парақшасын ашып, тұрақты жүргізу	Маусы м-қараша 2024 жыл	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы	1000	Аймақтағы волонтерлердің қызметі туралы әлеуметтік желілерде парақша ашылып, ол тұрақты түрде жүргізіліп отырды. Бұл әлеуметтік желілер арқылы волонтерлік қызмет туралы ақпарат таратылып, жастардың қызығушылығы артты. Өткізілген шаралар мен жобалар туралы мәліметтер үнемі жарияланып отырды.	Әлеуметтік желіден (Facebook, Instagram) парақша ашу Фронт-офисінің күнделікті жұмысын тұрақты түрде жариялау Әлеуметтік желіге хабарландыру (Facebook, Instagram) Ақпараттық посттар Фронт-офисінің бекітілген күнделік жұмыс жоспары Дайжест	2 1 (ай сайын) 2 кемінде 1 (әр ай сайын) 1 1	2 1 (ай сайын) 2 кемінде 1 (әр ай сайын) 1 1	Әлеуметтік желілердегі парақшалар волонтерлік қызметтің аймақта кеңінен танылуына ықпал етеді. Бұл волонтерлік топтардың жұмысын танытып, жастарды еріктілікке ынталандыруға септігін тигізеді.
7 міндет.	Маңғыстау облысындағы волонтерлерге арналған волонтерлер сыйлығын тағайындау және табыстау	05 желтоқсан 2024 жыл	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы	150	«Жыл волонтері – 2024» сыйлығының жеңімпаздары марапатталды. Сыйлық 7 аталым бойынша тағайындалып, белсенді еріктілердің жетістіктері атап өтілді. Бұл шара волонтерлік қызметтің қоғамдағы үлесін арттыруға ықпал етті.	Маңғыстау облысындағы волонтерлерге арналған кемінде 7 аталым бойынша сыйлық беру ережесін жасақтау (Жергілікті атқарушы органымен келісілген) Атқарылған жұмыстар бойынша сыйлыққа ие болуға мүмкіндігі бар	1 1 1 1 150	1 1 1 1 150	Волонтерлерге арналған марапаттар волонтерлік қызметтің маңыздылығын арттырады және жастарды белсенді қатысуға ынталандырады. Бұл болашақта волонтерлік ұйымдар мен топтардың жұмысын жақсартып, олардың жобаларының жүзеге асуына ықпал етеді.

	жасақталып бекітіледі. Атқарылған жұмыстар бойынша сыйлыққа ие болуға мүмкіндігі бар волонтерлар тізімі жасақталады. Жоспарға сәйкес кемінде 7 аталым бойынша волонтерлер сыйлығын табыстау шарасы ұйымдастырылады.					волонтерлар тізімін жасақтау Бағдарлама Жолданатын хат Шараға қатысушылар саны Сыйлық иегерлерінің тізімі (ТАӘ, нөмірі, қолы бар) және Табыстау актісі Әлеуметтік желіге хабарландыру (Facebook, Instagram) Ақпараттық посттар Іс-шарадан фото Іс-шарадан видео	1 2 2 Кем дегенде 10 Кем дегенде 1	1 2 2 Кем дегенде 10 Кем дегенде 1	
Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы	«QOLDAU» жобасының орындалысы туралы қорытынды презентация					Презентация Әлеуметтік желіде тікелей эфир (Facebook, Instagram)	1 2	1 2	
	Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін жастардың екі фазалы сауалнамасы					Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін жастардың екі фазалы сауалнамасы арқылы іс-шараларға қатысушылардың қанағаттану деңгейі	80%	80%	
	Жобаның белсенді кезеңі аяқталғаннан кейін қатысушылармен					Фокус-топтық талқылау	2	2	

	кемінде 2 фокус-топтық талқылау								
Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс	Жоба аясындағы шараларды әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандыру					Әлеуметтік желілерге арналған посттар <i>(сілтеме, скриншот)</i> Әлеуметтік желілерге арналған қысқа бейне Контент жоспар Танымал инфлюенсерлер	25 10 1 Кем дегенде 5	25 10 1 Кем дегенде 5	
	Бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат орналастыру					«Маңғыстау» газетінде, «Огни Мангистау» газетінде тұрғындарды әлеуметтік жоба туралы ақпараттандыру мақсатында материал жариялау «Mangystau Media» ақпараттық порталында ақпараттық материал жариялау	2 4	2 4	

Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі:

Жоспардан ауытқу жоқ

Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз

	Индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарланған деңгейі	Нақты деңгейі
1.	Тікелей бенефициарлардың саны	адам	Кем дегенде 3400	3400
2.	Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен)	адам	1000	1000
3.	Штаттық қызметкерлердің саны	адам	3	3
4.	Тартылған мамандардың саны	адам	1	1

5.	Қамтылған ҮЕҰ саны	ұйым	2	2
6.	Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры	теңге	2400000	2400000
7.	Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС)	теңге	308640	308640
8.	Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу)	теңге	7351360	7351360
9.	Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар)	ұйым/адам	1	2

2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету): Аймақтағы волонтерлік топтар мен бастамашыл топтарға 100-ден астам ақпараттық, консультативтік және әкімшілік қолдау көрсетілді, бұл жергілікті қоғамдастықтың қолдау деңгейін арттыруға септігін тигізді. Волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтарға арналған 1 спорттық және 2 қоғамдық-мәдени іс-шара ұйымдастырылып, жастар арасындағы бірлік пен ынтымақтастық күшейді. Үгіт-насихат жұмыстары 3000-ға жуық оқушы мен студентке бағытталып, оларды волонтерлік қызметке тарту мақсатында түрлі іс-шаралар өткізілді. Волонтерлік оқыту бағдарламасы аясында 150-ден астам жасөспірім мен студент арнайы оқытудан өтті, бұл олардың жаңа дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік берді. Маңғыстау облысында волонтерлерге арналған тұрақты коуоркинг кеңістігі жасақталып, волонтерлер үшін қолайлы жұмыс орнын қамтамасыз ету арқылы жұмыс тиімділігін арттыруға ықпал етілді. Әлеуметтік желілерде волонтерлік топтар мен ұйымдардың қызметі үнемі жарияланып, аймақтағы жастардың волонтерлік қызметке деген қызығушылығы артты. Волонтерлерге арналған «Жыл волонтері» сыйлығы табысталып, олардың еңбегі мойындалып, бұл еріктілерді әрі қарай да белсенді жұмыс істеуге ынталандырды. Аймақтағы жастардың волонтерлік қызметке деген көзқарасы өзгеріп, көптеген жас өздерінің әлеуметке пайда тигізу мақсатында ерікті болуға шешім қабылдады. Қоғамдық шараларға жастардың қатысуы көбейіп, олар әлеуметтік мәселелерді шешуге жауапкершілікпен қарайтын деңгейге жетті. Жоба нәтижесінде аймақта еріктілік мәдениеті қалыптасып, волонтерлік қызметтің қоғамдағы танымалдығы артты, бұл жастардың қоғамдық белсенділігін арттыруға ықпал етті.

3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу

Жоба аясында волонтерлік топтар мен ұйымдарға көрсетілген 100-ден астам ақпараттық қолдау аймақтағы волонтерлік қызметтің сапасын арттыруға септігін тигізді. 1 спорттық және 2 қоғамдық-мәдени іс-шара жастардың физикалық және әлеуметтік белсенділігін арттырып, аймақтағы волонтерлік қызметтің жаңа мүмкіндіктерін ашты. 3000 оқушы мен студентке арналған үгіт-насихат жұмысы жастар арасында волонтерлік қызметтің маңыздылығын түсінуге көмектесті. 150 волонтерді оқыту нәтижесінде жастардың қоғамдық жұмыстарға деген қызығушылығы артты, олар жаңа дағдыларды меңгеріп, өздерін еріктілік саласында дамытуға мүмкіндік алды. Жасақталған коуоркинг кеңістігі волонтерлер үшін тиімді жұмыс ортасын құрып, олардың жобаларын жүзеге асыруда үлкен қолдау көрсетті. Әлеуметтік желілер арқылы волонтерлік топтар мен ұйымдардың қызметін жариялау аймақтағы еріктілер туралы ақпараттың кеңінен таралуына ықпал етті. «Жыл волонтері» сыйлығының тағайындалуы қоғамдағы волонтерлік қызметтің маңыздылығын арттырып, жеңімпаздарды жаңа жобаларға шабыттандырды. Жастардың волонтерлік қызметке деген көзқарасының өзгеруі қоғамда белсенді азаматтық ұстанымның қалыптасуына әсер етті. Қоғамдық шараларға қатысушылардың санының артуы жастардың әлеуметтік мәселелерге деген жауапкершілігін арттырып, қоғамдағы

әлеуметтік теңдікті жақсартуға ықпал етті. Жоба нәтижесінде аймақтағы волонтерлік қызметтің танымалдығы артты, жастар арасында еріктілік қозғалысы кеңінен таралды, бұл аймақтағы әлеуметтік тұрақтылыққа оң әсер етті.

4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):

Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
3400	1558	1842

Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
3400	2000	1000	0	100	50	0	20	100	10	120

Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
3400	2000	800	300	200	50	50	0

5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

1. көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, саналық өзгерістерді сипаттай отырып): Жоба барысында 3000 оқушы мен студентке үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, 150 волонтер арнайы оқытудан өтті. Сонымен қатар, 100-ден астам волонтерлік топқа ақпараттық және әкімшілік қолдау көрсетілді, бұл жастардың әлеуметтік қызметке қатысуын арттырды.
- жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу): Жоба волонтерлік қызметке деген қызығушылықты арттырып, жастар арасында әлеуметтік

жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етті. Бұл аймақтағы әлеуметтік мәселелерді шешуге белсенді қатысатын жастардың санын көбейтті.

- әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы: Жоба негізінде жасақталған коуоркинг кеңістігі мен әлеуметтік желілер арқылы тұрақты ақпараттық қолдау жүйесі қалыптасты, бұл волонтерлік қызметтің әрі қарай дамуына негіз болды.
- іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері: Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері айтарлықтай болды: волонтерлік қызметке қатысқан жастар жаңа дағдыларды меңгеріп, қоғамға пайдалы әлеуметтік жобаларға атсалысты. Бұл өз кезегінде жастардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттырып, әлеуметтік серіктестік пен ынтымақтастықты күшейтті. Жоба нәтижесінде аймақтағы әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысатын жастар саны артты, ал волонтерлік қызмет қоғамдастықтың өзара қолдауы мен бірігуін нығайтты.

6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда? Әлеуметтік жобаны іске асыру барысында серіктестер мен құрылымдардың қолдауы жобаның тиімділігін арттырды. Серіктестердің қатысуы жобаның қамту аясын кеңейтіп, мақсатты топтарға нақты әсер етті. Олардың қатысуы ресурстарды тиімді пайдалануға және сапалы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Тәжірибе барысында өзара әрекеттестік механизмдерін жетілдіру қажеттігі анықталды, бұл болашақта серіктестік қатынастарды нығайтуға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта серіктестермен тығыз жұмыс жалғасып, жаңа жобаларда бірлескен іс-қимылдар жоспарлануда.

Әлеуметтік жобаның серіктестері

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ	Жобадағы рөлі	Ұйымның, серіктестің байланыстары	Ескерту
«Рухтан» қоғамдық қоры – Кушанова Гулнур	Сарапшы	8 702 323 37 90	
«BY QAZAQ» қоғамдық бірлестігі - Қазақ Хасан Сардарұлы	Сарапшы	8 702 395 05 02	

Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:

№	Мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты	Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Грант түрі	Күтілетін нәтиже

Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.

Мемлекеттік органдар	Ұсынымдар	Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні (қосымшалары бар хаттардың көшірмелері осы есеппен бірге ұсынылуы керек)

Есеп беттерінің жалпы саны: 17

Грант алушы: «Жалын PRO» қоғамдық бірлестігі

Төраға А.С.Карабалаева

Басшының тауазымы: Т.А.Ә.

Толтыру күні _____

Мөрдiң орны _____

